



ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ

АҚПАРАТТЫҚ ХАБАР

2017 жылғы 26 маусым

ҚР Ұлттық Банкінің делегациясы Халықаралық Есеп айырысу Банкінің Жыл сайынғы Жиналысына қатысты

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Төрағасы Д. Ақышев басқарған делегациясы 2017 жылғы 24-25 маусым аралығында Базель қаласында (Швейцария) өткен Халықаралық Есеп айырысу Банкінің (ХЕБ) Жыл сайынғы Жиналысына қатысты.

ҚР Ұлттық Банкінің делегациясы Банктік қадағалау жөніндегі Базель комитеті, Төлемдік және нарықтық инфрақұрылымдар жөніндегі комитет, Қаржылық тұрақтылық жөніндегі кеңес, Қаржылық тұрақтылық институты, Халықаралық сақтандыруды қадағалау қауымдастығы, сондай-ақ Халықаралық депозиттерді сақтандыру қауымдастығы ұсынған, қаржы ұйымдарын реттеу мәселелері бойынша талқылауларға қатысты.

Іс-шара шеңберінде Д. Ақышевтың ХЕБ Атқару кеңесінің мүшелерімен және ХЕБ жанындағы Банктік қадағалау жөніндегі Базель комитетінің Бас хатшысы У. Коэнмен кездесулері өтті, олардың барысында банктік қадағалаудың әлемдік стандарттарын енгізу шеңберінде ХЕБ-мен қадағалау қарым-қатынасын дамыту перспективалары талқыланды.

Бұдан басқа, ҚРҰБ Төрағасы орталық банктер арасындағы өзара іс-қимыл істеудің ағымдағы мәселелерін талқылау үшін Дойче Бундесбанк Президенті Й.Вайдманмен және Швейцария Ұлттық Банкінің Төрағасы Т. Йорданмен екіжақты кездесу өткізді.

ҚР Ұлттық Банкі 2016 жылдың соңында Банктік қадағалау жөніндегі Базель комитеті жанындағы Базель консультативтік тобына кіргеннен кейін бұл ұйымның отырысына алғаш рет қатысып отырғанын атап өткен жөн.

Анықтама үшін: Халықаралық Есеп айырысу Банкінің мақсаттары орталық банктер арасындағы ынтымақтастықты дамытуға жәрдемдесу, халықаралық қаржы операциялары үшін жаңа мүмкіндіктер жасау және оған қатысушы тараптармен шарттар негізінде берілген халықаралық төлемдік операцияларды жүргізген кезде сенім білдірілген адам немесе агент ретінде қызмет ету болып табылады.

1974 жылдан бастап Халықаралық Есеп айырысу Банкінің жанынан Банктік қадағалау жөніндегі Базель комитеті жұмыс істейді, ол банктік реттеуді жетілдіруге бағытталған директивалар мен ұсынымдарды әзірлейді және түрлі елдерде қаржылық реттеуге қойылатын талаптарды бірдейлендіру жұмысын жүргізеді.

Базельдік консультативтік топ Банктік қадағалау жөніндегі Базель комитетінің бір бөлігі болып табылады, ол Банктік қадағалау жөніндегі Базель комитетінің бүкіл әлем бойынша қадағалау органдарымен банктік қадағалау мәселелері бойынша өзара іс-қимылын тереңдетуге арналған алаң. Базельдік консультативтік топ Банктік қадағалау жөніндегі Базель комитетінің мүшелері болып табылмайтын түрлі елдерден, банктік

қадағалау бойынша халықаралық ұйымдардың және өңірлік топтардың жоғары лауазымды өкілдерін жинай отырып, Банктік қадағалау жөніндегі Базель комитетінің жаңа бастамалары туралы ауқымды қадағалау сұхбатына ықпал етеді.

ҚР Ұлттық Банкі 2016 жылғы қазаннан бастап Банктік қадағалау жөніндегі Базель комитетінің жанындағы Базельдік консультативтік топтың мүшесі болып табылады.

Толығырақ ақпаратты мына телефон бойынша алуға болады:

+7 (727) 270 45 85

e-mail: press@nationalbank.kz

www.nationalbank.kz